

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2018-2019 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 21 мамырдағы № 114 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 маусымда № 3623 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 2 тармағының 8-3) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда- Маңғыстау облысы әкімдігінің 31.07.2019 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Бекітілсін: осы қаулының 1, 2, 3 қосымшасына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2018-2019 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы.

2. "Маңғыстау облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі мамандарды даярлауға көзделген қаржыландыру жоспары шегінде бағдарламаның әкімшісі – Маңғыстау облысының білім басқармасын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. "Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі 2018-2019 оқу жылында техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарына қабылдау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыруды көзdestірсін.

4. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі:

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2018-2019 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етсін;

осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.К. Сәкеевке жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Е. Тоғжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Маңғыстау облысының білім
басқармасы" мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы
Н.К. Қойжанов
"21" 05 2018 ж.

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2018 жылғы "21" 05
№ 114 қаулысына 1 қосымша

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2018-2019 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (орта буын мамандарын даярлау үшін) Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі

р/с	Техникалық және кәсіптік оқыту мамандықтарының коды	Мамандықтың атауы	2018-2019 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы көлемі
	1 2	3	4
010000 - Білім беру			
1	0101000	Мектепке дейінгі тәрбие және оқу	125
2	0102000	Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру (деңгей бойынша)	25
3	0103000	Дене тәрбиесі және спорт	75
4	0105000	Бастауыш білім беру	175
5	0111000	Негізгі орта білім беру	150
0300000 – Медицина, фармацевтика			
6	0301000	Емдеу ісі	25
7	0302000	Медбикелік іс	75
0400000 - Өнер және мәдениет			

8	0404000	Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)	33
9	0405000	Хор дирижеры	6
10	0407000	Ән салу	18
11	0408000	Хореография өнері	10
12	0412000	Кескіндеу, мүсіндеу және графика	13
0500000 - Қызмет көрсету, экономика және басқару			
13	0501000	Әлеуметтік жұмыс	25
14	0506000	Шаштараз өнері және сәндік косметика	50
15	0507000	Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру	50
16	0508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру	25
17	0511000	Туризм (салалар бойынша)	50
18	0512000	Аударма ісі (түрлері бойынша)	50
19	0513000	Маркетинг (салалар бойынша)	25
20	0514000	Бағалау	50
21	0515000	Менеджмент (қолдау аясы және салалар бойынша)	75
0800000 – Мұнай-газ және химия өндірісі			
22	0803000	Компрессорлық стансалар мен жер асты құбырларының электр жүйесін жөндеу және қызмет көрсету	25
23	0804000	Технологиялық жабдықтар мен құбырларды монтаждау	25
24	0808000	Мұнай, газ өңдеу және химия өнеркәсібінің жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу (түрлері бойынша)	50
25	0816000	Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	50
0900000 - Энергетика			
26	0901000	Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)	50
27	0902000	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	25
28	0906000	Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары	25
29	0911000	Электр және электрлі механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу (түрлері бойынша)	25
30	0913000	Энерго менеджмент	25
31	0914000	Энергоаудит	25

1000000 – Металлургия және машина жасау			
32	1013000	Механикалық өңдеу, өлшеу- бақылау құралдары және өндірістегі автоматика	25
33	1014000	Машина жасау технологиясы (түрлері бойынша)	50
1100000- Көлік (салалар бойынша)			
34	1103000	Кеме жасау және кеме машиналары мен механизмдеріне техникалық қызмет көрсету	25
35	1104000	Теңіз техникасын электр радиолық монтаждау	50
36	1107000	Көтергіш көлік, құрылыс, жол машиналары мен жабдықтарын темір жол көлігінде техникалық пайдалану (салалар бойынша)	25
37	1108000	Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету (түрлері бойынша)	50
38	1109000	Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша)	50
1200000 - Өндіру, құрастыру, пайдалану және жөндеу (салалар бойынша) Көлікті пайдалану			
39	1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету , жөндеу және пайдалану	125
40	1203000	Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	25
41	1204000	Су көлігін пайдалану (бейін бойынша)	25
42	1206000	Жол қозғалысын ұйымдастыру	50
43	1211000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	25
44	1226000	Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру	50
1300000 - Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар Электрондық техника			
45	1302000	Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	150
46	1304000	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	225
47	1305000	Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша)	150
48	1306000	Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша)	25
49	1307000	Электрлік байланыс және желілік хабар тарату, желілік құрылымдарын пайдалану	25
1400000 - Құрылыс және коммуналдық шаруашылық			
50	1401000	Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	75
51	1405000	Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану	25

52	1418000	Сәулет өнері	25
1500000 - Ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология			
53	1508000	Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы (түрлері бойынша)	25
54	1513000	Ветеринария	25
55	1517000	Төтенше жағдайда қорғау (бейін бойынша)	25
Барлығы			2805

Маңғыстау облыс әкімдігінің
2018 жылғы "21" 05
№ 114 қаулысына 2 қосымша

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2018-2019 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жұмысшы біліктіліктер берумен мамандарды даярлау үшін)
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі

р/с	Техникалық және кәсіптік оқыту мамандықтарының коды	Мамандықтың атауы	2018-2019 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы көлемі
1	2	3	4
0500000 - Қызмет көрсету, экономика және басқару			
1	0508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру	50
0900000 - Энергетика			
2	0902000	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	25
1000000 – Металлургия және машина жасау			
3	1004000	Құю өндірісі	25
4	1013000	Механикалық өңдеу, өлшеу- бақылау құралдары және өндірістегі автоматика	25
1100000 - Көлік (салалары бойынша)			
5	1103000	Кеме жасау және кеме машиналары мен механизмдеріне техникалық қызмет көрсету	25
6	1109000	Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша)	25
7	1114000	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	75

8	1119000	Тоңазтқыш – компрессорлық машиналар және қондырғылар	50
1200000 - Өндіру, құрастыру, пайдалану және жөндеу (салалары бойынша) Көлікті пайдалану			
9	1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	50
10	1211000	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	32
1300000 - Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар Электрондық техника			
11	1302000	Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	25
1400000 - Құрылыс және коммуналдық шаруашылық			
12	1401000	Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	45
13	1403000	Ішкі санитарлық -техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша)	60
Барлығы			512

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2018 жылғы "21" 05
№ 114 қаулысына 3- қосымша

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2018-2019 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

р/с	Мамандықтар топтарының атауы	Оқу жылы ішінде 1 маманды оқытуға жұмсалатын орташа шығыс (мың теңге)
1	2	3
1	Техникалық және кәсіптік білімі бар мамандықтар	300-ден – 1400-ге дейін